

## **2000-2003 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресудің облыстық бағдарламасы туралы**

Атырау облыстық Мәслихаты XIX сессиясының шешімі. 2002 жылғы 29 тамыздағы N 217-II. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 18 қыркүйекте N 1128 тіркелді

II шақырылған Атырау облыстық Мәслихатының XIX сессиясы шешім етті:

1. Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы С.М.Қайрешевтің "2000-2003 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресудің облыстық бағдарламасының орындалуы" туралы баяндамасы қатерге алынсын.

2. Атырау облыс әкімінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 436 "2000-2003 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресудің облыстық бағдарламасы туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстық әкімиятының 2002 жылғы 18 шілдедегі N 203 қаулысы бекітілсін.

3. Атырау қаласы, аудан әкімдеріне және осыған қатысы бар басқармалардың басшыларына 2002 жылдың аяғына дейін аталған бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік қорғау, денсаулық, білім, мәдениет және жастар ісі жөніндегі облыстық Мәслихаттың тұрақты комиссиясына тапсырылсын (У.Бисенұлы).

*Облыстық Мәслихаттың*

*XIX сессиясының төрағасы*

*Облыстық Мәслихат хатшысы*

Атырау облыстық әкімиятының қаулысы

2002 жылғы 18 шілде N 203

Атырау облысы әкімінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 436 "2000-2003 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресудің облыстық бағдарламасы туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 мамырдағы N№563 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N№833 және 2000 жылғы 31 шілдедегі N 1164 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабын басшылыққа ала отырып, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыс әкімінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 436 "2000-2003 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресудің облыстық бағдарламасы туралы" шешіміне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға көмектесудің мемлекеттік жүйесін дамыту" тарауындағы 1-1, 1-2, 1-3, 1-4, 1-5 тараушалар N 1 қосымшаға сәйкес мынадай жаңа редакцияда жазылсын;

2) N 4 "өндірісті, орта және кіші бизнесті дамыту, село экономикасын көтеру" тарауындағы Жаңа жұмыс орындарын құру болжамы N 2 қосымшаға сәйкес мынадай жаңа редакцияда жазылсын;

3) "Кедейлерге атаулы әлеуметтік көмек көрсету" тарауындағы "Аз қамтылған азаматтар санының өзгеру болжамы" N 3 қосымшаға сәйкес мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

4) "Кедейшілік және жұмыссыздық мәселелері бойынша өкіметтің жеке және қоғамдық ұйымдарының өзара қарым-қатынасы" тарауы толықтырылсын:

"Бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында мынадай шаралар қабылдансын:

бос жұмыс орындары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты үнемі хабардар ету;

жұмыспен қамту және еңбек заңдылықтары туралы жұмысқа орналасу мәселелері бойынша азаматтарға кеңес беру;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бағдарламаның жүзеге асыру барысы туралы жариялау;

жұмыссыздық және кедейшілік мәселелері бойынша пресс-конференциялар өткізу, теледидар және радиохабар арқылы хабарламалар ұйымдастыру".

2. Аталған өзгерістер мен толықтырулар облыстық мәслихат сессиясының бекітуіне енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының

N 2002 жылғы 18 шілдедегі N 203

қаулысына N 1 қосымша

|   |                      |
|---|----------------------|
| 1-1) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органдарға өтінішпен келетін жұмыссыз азаматтардың болжамды саны: |                      |
| -----   |                      |
| N   | қала, аудан атаулары |
| -----   |                      |
| 1   | Атырау қаласы        |
| 2   | Жылыой               |
| 3   | Құрманғазы           |
| 4   | Қызылқоға            |
|   | 2002 жыл             |
|   | 6300                 |
|   | 4700                 |
|   | 3000                 |
|   | 2600                 |

|   |                 |         |
|---|-----------------|---------|
| 5 | И н д е р       | 2 5 0 0 |
| 6 | И с а т а й     | 2 3 0 0 |
| 7 | М а х а м б е т | 1 8 0 0 |
| 8 | М а қ а т       | 1 9 0 0 |

Жиынтығы: 25100

1-2) аймақтар шегіндегі жұмыссыздық деңгейі бойынша болжамды мәліметтер:

| N | Қала, аудан атаулары    | 2002 жыл |
|---|-------------------------|----------|
| 1 | А т ы р а у қ а л а с ы | 6 , 8    |
| 2 | Ж ы л ы о й             | 9 , 9    |
| 3 | Қ ұ р м а н ғ а з ы     | 2 7 , 5  |
| 4 | Қ ы з ы л қ о ғ а       | 1 8 , 0  |
| 5 | И н д е р               | 2 6 , 7  |
| 6 | И с а т а й             | 1 5 , 8  |
| 7 | М а х а м б е т         | 1 0 , 8  |
| 8 | М а қ а т               | 1 1 , 2  |

Облыс бойынша: 11,8

1-3) жұмысқа орналастырылатын жұмыссыздардың болжамды саны:

| N | Қала, аудан атаулары    | 2002 жыл |
|---|-------------------------|----------|
| 1 | А т ы р а у қ а л а с ы | 6 5 0    |
| 2 | Ж ы л ы о й             | 5 6 0    |
| 3 | Қ ұ р м а н ғ а з ы     | 1 5 0    |
| 4 | Қ ы з ы л қ о ғ а       | 1 6 0    |
| 5 | И н д е р               | 2 0 0    |
| 6 | И с а т а й             | 1 6 0    |
| 7 | М а х а м б е т         | 1 7 0    |
| 8 | М а қ а т               | 2 5 0    |

Жиынтығы: 2300

1-4) кәсіби оқыту, біліктілігін арттыру және қайта оқыту жөніндегі болжамды мәліметтер:

| N | Қала, аудан атаулары    | 2002 жыл |
|---|-------------------------|----------|
| 1 | А т ы р а у қ а л а с ы | 3 4 5    |
| 2 | Ж ы л ы о й             | 1 8 0    |
| 3 | Қ ұ р м а н ғ а з ы     | 5 5      |
| 4 | Қ ы з ы л қ о ғ а       | 2 5      |
| 5 | И н д е р               | 3 5      |
| 6 | И с а т а й             | 2 5      |
| 7 | М а х а м б е т         | 4 0      |
| 8 | М а қ а т               | 4 5      |

Жиынтығы: 750

1-5) ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі болжамды мәліметтер:

| N | Қала, аудан атаулары    | 2002 жыл |
|---|-------------------------|----------|
| 1 | А т ы р а у қ а л а с ы | 8 5 0    |
| 2 | Ж ы л ы о й             | 5 0 0    |
| 3 | Қ ұ р м а н ғ а з ы     | 5 0 0    |
| 4 | Қ ы з ы л қ о ғ а       | 6 5 0    |
| 5 | И н д е р               | 3 0 0    |
| 6 | И с а т а й             | 6 0 0    |

|           |          |      |
|-----------|----------|------|
| 7         | Махамбет | 300  |
| 8         | Мақат    | 300  |
| Жиынтығы: |          | 4000 |

Облыс әкімиятының  
N 2002 жылғы 18 шілдедегі N 203  
қаулысына N 2 қосымша

**Жаңа жұмыс орындарын құру**

| N         | Қала, аудан атаулары | 2002 жыл |
|-----------|----------------------|----------|
| 1         | Атырау қаласы        | 1450     |
| 2         | Жылыой               | 1010     |
| 3         | Құрманғазы           | 300      |
| 4         | Қызылқоға            | 390      |
| 5         | Индер                | 410      |
| 6         | Исатай               | 230      |
| 7         | Махамбет             | 320      |
| 8         | Мақат                | 270      |
| Жиынтығы: |                      | 4380     |

Облыс әкімиятының  
N 2002 жылғы 18 шілдедегі N 203  
қаулысына N 3 қосымша

**Аз қамтылған азаматтар санының өзгеру болжамы**

| N         | Қала, аудан атаулары | 2002 жыл |
|-----------|----------------------|----------|
| 1         | Атырау қаласы        | 12909    |
| 2         | Жылыой               | 7928     |
| 3         | Құрманғазы           | 18695    |
| 4         | Қызылқоға            | 9186     |
| 5         | Индер                | 10061    |
| 6         | Исатай               | 4866     |
| 7         | Махамбет             | 7162     |
| 8         | Мақат                | 2993     |
| Жиынтығы: |                      | 73800    |